



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

Center
of Excellence
Nazarbayev
Intellectual
Schools
NIS

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

- мәселе шешу мен шешім қабылдай білуге әрекеттену;
- шығармашылық тұрғыдан мәселені шешуге бейімдеу;
- өз пікірі мен идеялар, тұжырым жасау және түсінік келтіруге үйрету;
- пікір, тұжырым, идея дегендерді бастап, қорғай білуге дағдыландыру;
- берілген жұмыстарға қажетті жауапкершілікпен қарау, шығармашылыққа бейімдеу;
- танымдық үрдісін қалыптастуға жағдай жасау;
- үйренуі мен білімі туралы түсініктері, бірігіп талқылап, пікір алуға мүмкіндік жасау;
- өздік жұмыстарын ұйымдастыруда орта құру;

Ал осы айтылған мақсаттарға жету барысындағы мұғалімнің әрекеті:

- сабақ мақсаты тақырыбына сай болады;
- сабақта болатын негізгі мәселе бөліп жасалады;
- сабақтың өмірмен тығыз байланысы және тәрбиелік мәнін көрсетеді;
- оқушылардың бірыңғай тілдік қарым-қатынаста болады;
- сабаққа қойылатын талаптар бұйрықсыз, кеңеспен ұсынылады;
- түрлі пікір, идея тыңдау, сыйлау және онымен санасуды көздейді;
- ерекше қолдаулар мен идеялық қолдау жасалады;
- позитивті және конструктивті көзқарасты ұстанады;
- ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолданып, үнемі жаңалық енгізіп отырады;
- жеке жұмыстар жүргізіп, үйге берілетін тапсырманың уақтылы және нақтылы беріледі;
- бағалау нормалары сақталып, әділ бағаланады; сонда ғана осындай сабақ жүйелілігімен

нәтиже әкелетінін көріп жүрміз. Сабақта ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен уәжін арттырып, білім берудің нәтижелі де жемісті болуына оң ықпалын тигізіп жатқандығымен көркем. Ақпараттық–коммуникативтік технологияны жүйелі пайдалану арқылы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай біліп, ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастыра отыра өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады. Ақпараттық–коммуникативтік технология негізінде – оқытудың моделі әр сабақта өз құрылымымен күрделі болып отыр.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда өскелең ұрпақ бүгінде уақыт пен нақты кеңістікте ғана емес, медиа кеңістікте түрлі жұмыстар атқаруға қабілетті. Білім беруді жаңғырту үрдісінде ғаламтор, чаттар, sms – және mms–хабарламалар, теле – және радио эфир арқылы «қол жеткізуге» болатын практикада болып жатқан озық тәжірибелер біздің сабақ жүргізу барысында дамып жатқанымен айқын, сонымен қатар электронды оқулықтардың ресурстарымен бай қазына екенін баяндай аламыз. Сондықтан әр мұғалімнің көкірегінде тек ізденімпаздық, еңбекқорлық ұяланатын сезім болса, нәтижесі мол жұмыстар атқарары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Воронина Л.А. Қазіргі оқу үрдісінде ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану / Л.А.Воронина // Қоғамдық–гуманитарлық және ғылыми–техникалық білімнің өзекті мәселелері. 2017. No3 (12). 54–55 б
2. Ямалетдинова А.М. Оқу үрдісіндегі заманауи ақпараттық–коммуникациялық технологиялар / А.М.Ямалетдинова // Башқұрт университетінің хабаршысы. 2018 ж. No4. 1134–1141 с.
3. Гаврищук И.А. Мультимедиялық презентациялар заманауи оқыту құралы ретінде / И.А.Гаврищук // Жүзеге асырудың психологиялық–педагогикалық және технологиялық аспектілері. 2017. No4. 8–12 б.

ӨОЖ 37.013.2

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Итемгенова Гүлнара Болатбековна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
№1 мектеп–лицейі
Қостанай қаласы, Қазақстан
E–mail: gulnara_itemgenova@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру үрдісінің педагогикалық тәжірибесіндегі жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі мен оны одан әрі дамыту үшін ұсыныстар бар. Мектеп мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуы барысында кездесетін жетістіктер, қажеттіліктер және оның білім алушылар үшін пайдалы болу керектігі жайлы айтылған.

Түйінді сөздер: *технология, цифрлық трансформация, психологиялық көзқарас, бәсекеге қабілетті.*

Аннотация

В данной статье содержатся рекомендации по эффективности применения новых технологий в педагогической практике образовательного процесса и его дальнейшего развития. О достижениях, потребностях, с которыми сталкиваются учителя школы в ходе обмена опытом, и о том, как это должно быть полезно для обучающихся.

Ключевые слова: *технологии, цифровая трансформация, психологический настрой, конкурентоспособность.*

Abstract

This article contains recommendations for the effectiveness of the use of new technologies in the pedagogical practice of the educational process and its further development. It was said about the achievements, needs that teachers of the school face in the exchange of experience, and that it should be useful for students.

Key words: *technology, digital transformation, psychological approach, competitive.*

Технология – бұл белгілі бір құралдармен қол жеткізуге болатын нақты бағдарламаланған нәтижелі әдістеме. Бұл мұғалімнің көмегінсіз орындайтын оқу құралына жетекші рөл береті оқыту функциясы. Мұғалім оқытпайды, бірақ ынталандыру, ұйымдастыру функцияларын және оқушылардың қызметін үйлестіру орындайды. Ол әдістердің жиынтығы емес, қажетті нәтижеге жеткізетін педагогикалық процесс тараптарының заңдылықтарына сүйенетін қызмет қадамдарының сипаттамасы болып табылады.

Ресейлік педагогика ғалымы Б.Т.Лихачёвтың пікірінше, педагогикалық технология – оқыту формалардың, әдістердің арнайы жинақтары мен жинақталуын айқындайтын психологиялық-педагогикалық көзқарастардың жиынтығы, ұйымдастырушылық-әдістемелік құралы, яғни оқыту тәсілдері, әдістері, тәрбие құралдары [2, б. 16].

Жаңа технологияны қолдану – цифрлық білімге көшу. Бұл – электрондық жүйелерді пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілі. Цифрлық технологияларды қолданудың мақсаты оқу процесінің сапасын, тиімділігін арттыру, сондай-ақ табысты әлеуметтену болып табылады. Ол оқу процесі компьютердің көмегімен жүретіндігін білдіреді. Осылайша, білім берудің цифрлық трансформациясы жалпы білім беруді реформалау процесінің бөлігі болып табылады. Отандық ғалымдар мектепте жаңа технологияларды қолдану және дамыту барысында, оның мақсаты, мазмұны, әдісі жаңа талаптарға сай болуына мән берілуі керек және мектеп мұғалімдерінің психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіру керек екенін айтады (К.Ажибеков, Б.Р.Айтмамбетова, А.К.Мыңбаева, Т.А.Линчевская) [3, б. 19]. Қазіргі уақытта адамдардың айналасы цифрлық технологиялардан құралады: олар әр заманауи үйде, мекемеде, кәсіпорындарда, зауыттарда, ауруханаларда, мектептерде, жоғары оқу орындарында бар. Білім беруді цифрландыру – бұл электронды оқыту жүйесіне көшу деген сөз. Білім беру саласының оқу тәжірибесінде педагогикалық жаңа технологияның қай түрін қолданатын болсақ та,

мақсатқа бағытталған,

тұтастығы,

ғылымилығы,

нәтижеге бағытталған,

жоспарлылығы,

тиімділігі,

мұғалім мен оқушыға ыңғайлы,

сенімділігі,

нәтижелі болатынына кепілділігі болу керек. Сондықтан мектеп мұғалімдері жаңа технологияларды қаншалықты дайындығын, меңгергенін анықтау үшін, мектеп мұғалімдері өзара тәжірибе алмасу семинары, коучинг, конференциялар қала немесе ауданаралық емес, облыстық, республикалық деңгейде жиі өтіп тұрса жақсы болар еді. Дегенмен, жалпы білім беру жүйесінде, оның ішінде мектеп мұғалімдері арасында қарқынды өзгерістер болып жатыр. Қала деңгейінде әр мұғалімге біліктілігін арттыруға, білімдерін жетілдіріп отыруға арнайы кустар бар. Соның ішінде ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетті болу керек деген талап күннен күнге күшею үстінде. Бәсекеге қабілетті болу үшін заман талабынан қалмау керек. Ал, қазіргі уақытта педагогикалық жаңа технологияны цифрлық трансформациясыз елестету мүмкін емес. Цифрлық технологиялардың мұғалім қызметін өзгерту мүмкіндіктері мен дәстүрлі оқыту элементтерінің цифрлық трансформациясы электронды оқытудың жаңа типтерінің дамуына ықпал етті. Цифрлық сауаттылық – цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажет білім мен дағдылардың жиынтығы. Қарқынды дамып келе жатқан цифрлық технологиялар білім беру процесі үшін дәстүрлі құралдарды тиімді түрде толықтыратын жаңа құралдар ретінде ұсыналады. Көптеген педагогтер өздерінің әдістемелік жүйесіне тезірек енгізіп, қарқынды жұмыс істеп жатқанын қазіргі уақытта веб-сайттардан, тик-ток желісінен көріп жатырмыз. Қазақстан Республикасының Үкіметі цифрлық трансформацияға және цифрландырудың платформалық моделіне көшуге мүдделі екенін атап көрсетті [4, б. 19].

Бұл цифрлық технологияны жүзеге асыруды, дамытуды заманауи педагогикалық қауым қолдап отыр. Өйткені ол адам өмірінде өте маңызды да өзекті құралдың бірі болып табылады.

Отандық білім беру кеңістігіндегі сапалы өзгерістер жаһандық трансформациясыз және цифрландырылған – заманауи цифрлық технологияларды енгізуі мүмкін емес. Алайда, көбінесе цифрландыру тек бір білім беру үрдісі тұрғысынан қабылданады, оның Үстірт енгізілуіне, оқушылардың білімін бағалау немесе оқу материалын визуализациялау мақсатында бұлтты технологиялардың функционалдығын, деректерді цифрлық өңдеуді және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға қанағаттанады. Көптеген ғалымдардың айтуынша, компьютерлік немесе «цифрлық технологияларды» тәжірибелі мұғалімнің қолында қосымша құрал ретінде ғана қолдануға болады. Мұғалімсіз бірде-бір «технология» жұмыс істемейді. Мұғалімдер өз сабақтарында жаңа технологияны қолданбас бұрын алдын-ала жоспар құрып, оның тиімділігін ойластырып, дұрыс тәсілдер таңдап, оның оқушылар үшін тиімділігіне көз жеткізгеннен кейін ғана қолданып жүрміз. Мектепішілік пәнаралық семинарлар өткізіп, өзара талдау жұмыстарын өткізіп тұрамыз. Мектепте жоғары жылдамдықты Интернет бар, толыққанды цифрлық білім беру ортасын құруға жағдай жасалған. Әр кабинет компьютер, принтермен жабдықталған. Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуының нәтижесінде Қостанай қаласындағы №1 мектеп-лицейінің мұғалімдері цифрлық трансформация жайлы қызу талқылап, белсенді түрде қолдану және оны қалыптастыру, тарату жұмыстарын біртіндеп атқарып келеді. Цифрлық білім беру ресурстарына оқушылардың тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыруға арналған дыбысталған мәтіндер, интерактивті белсенді әдістер мен тапсырмалар, әр модуль бойынша тестілеу бағдарламалары түріндегі интерактивті кешендерді жатқызуға болады. Бұл жаңа технология әр мұғалімнің жұмысын жақсартатын, жұмысына күш беретін көмекші құрал болғанымен, мұғалімнің орнын алмастыра алмайды.

Бүгінгі таңда цифрландыру білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі факторы ретінде көрінеді. Ақпараттық технологиялардың өзі ғана емес, сонымен қатар тиімді жұмысты жолға қою үшін оларды дұрыс таңдау, үйлестіру және басқару маңызды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Жаңа технологияның мынадай ой шақыру, мағынаны ажырату, рефлексия сияқты стратегияларын сатылап қолданып, жеке, топтық не ұжымдық жұмыс түрінде жүзеге асырған тиімді. Жаңа технологияны меңгерген мұғалім – алдына қойған мақсаттарының тиімді жүзеге асуына жағдай жасауы, өзгермелі өмірдің ағымына тез бейімделуіне шығармашылықпен үздіксіз ізденуі. Әрбір мұғалім жаңа технологияның түрлерін меңгергенде, оны өз жұмысын жақсартып, жаңғырту үшін қолданбау керек. Әр меңгерген технология білім алушыға пайдалы ма, оның қажеттілігіне жарамды ма, қандай да бір оққылықтың орнын толтырады ма деген сауалдар бірінші орында тұру керек. Сонда ғана мұғалім өз жұмысының жемісін көре алады. Ақпараттық технологиялардың өзі ғана емес, сонымен қатар тиімді жұмысты жолға қою үшін оларды дұрыс таңдау, үйлестіру және басқару маңызды. Білім берудің цифрлық трансформациясының артықшылықтары айқын. Атап айтқанда, бұл: өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөлу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, өз бетінше оқу дағдыларын дамыту, өзін-өзі дамыту үшін ең құнды материалды бөліп көрсету; жеке тұлғаның ұтқырлығын, дағдыларын қалыптастыру, өзгеретін жағдайларға тез бейімделу, өзін-өзі тәрбиелеуге мотивацияны күшейту және өзін-өзі дамыту; әр түрлі аудиторияға қол жеткізу (мазмұн жекелендіріледі), жұмыс күшін қамтамасыз ету және интегративтілік; жеке білім беру траекториясы; ең қолайлы білім беру технологиясы. Білім беру саласындағы тиімді де қызықты технологиялардың бір түрі ол ойын ойнау технологиясы болып табылады. Мысалы, өз тәжірибемде қолданылып жүрген оқушылар үшін қызықты ойын – Kahoot. Ол әр түрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб-интерфейс арқылы ойнатуға болады. 2017 қыркүйек айында Kahoot мобильді платформада қосымша ретінде іске қосылды. Сыныпта Kahoot бағдарламасын қондыру арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Мұғалім заман талабына сай тестілеу жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі [1, б. 7].

Мұнда мұғалімге оқушыларының модуль бойынша білімдерін, ондағы материалдарды қалай меңгергенін тест сұрақтары арқылы тексеруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс балалардың қызығушылығын оятып қана қоймай, сабақтың соңында жалығып, шаршаған оқушыларды жігерлендіруге көмектеседі. Цифрлық трансформацияның жақсы жақтарын атап өтсем, біріншіден, үнемшілдік, екіншіден, өз бетінше жұмыс істеу, үшіншіден, мұғалім мен оқушыны қағазбастылықтан босатады және жұмыс барысын жеңілдетеді. Мысалы, мен қазіргі уақытта өз жұмысымда уақытым мен материалдық жағдайымды біраз үнемдеп жүрмін. Сабақта қолданып жүрген QR код, Plickers, Tarsia Puzzles әдістері оқушыларға өте қызық және уақытты үнемдеуге қолайлы. Plickers арқылы сыныптағы оқушылардың жауаптарын жылдам бағаласам, qr код арқылы мақсатқа сай алдын-ала дайындалған тапсырманы әр балаға түрлендіріп беремін. Ал Tarsia Puzzles оқушылардың «жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істеуіне жағдай жасайды, бір-біріне көмектесуді үйренеді. Бірақ тәжірибемде көрсеткендей, бұл ойындардың барлығы да сапалы білім беру барысында үнемі қолдану тиімді деп айта алмаймын. Менің сабағым оқушылардың тілдік дағдыларын, яғни тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру болғандықтан, көп жағдай жасау керек. Әсіресе, тыңдай білуге дағдыландыруға көп мән беремін. Оқушы тыңдай білмесе, оның айтылым дағдысы қалыптаспайды. Демек оқушы естігеннен

түсінбесе, онда пікірлесім, сөйлесім жүзеге аспайды. Сондықтан бейнежазбалардан үзінділерді көре отырып, тыңдату тиімді. Көбіне материалдарды, дайын тапсырмалар мен видео сабақтарды BilimLand көптілді білім беру онлайн–платформасын алып тұрамын. Онда барлық жастағы балаларды оқытуға арналған қазақ тілінде көптеген сабақтар салынған. Оқушыларым өз бетінше өздерінің коммуникативті тілдерін дамытып, қызықты тапсырмалар орындайды. Тағы бір айтып кететін мәселе – аудиомәтін тыңдау. Тыңдап түсінуді дайындық және коммуникативті сияқты екі түрлі тәсілмен жаттықтыруға болады. Білім алушыларға бірнеше сөздерді жұп–жұбымен тыңдатып, оларды қайталау, сөйлесім барысында интонацияны сақтай отырып, фразаларды қайталау, қалып қойған сөздерді орнына қою, тірек сөздерді қарап шығып, аудиомәтінге тақырып қою сияқты жаттығулар өте ұнайды. Әсіресе тыңдаған сөздерін смартфондарының диктофонына жаздыртып, оны өздеріне тыңдату қызық. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық–коммуникативтік технологияларды құзыреттілігін арттырып, пайдалану маңызды болмақ. Дегенмен де оқушылардың тыңдау қабілетін қалыптастыратын жаттығулар мен жұмыс түрлері жетіспейді. Қазақша тапсырмаларды мұғалім өзі құрастыру керек, көбінесе көп уақытты қажет етеді, қолжетімді қазақша контент аз.

Қорытындылай келе, әр мұғалім жаңа технологияны игеруге, меңгеруге міндетті. Бірақ бұл технологиялар заманауи білім беруді дамытудың жетекші үрдісі болғанымен, Абай атамның

«Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдың сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің өсері бар...» дегеніндей, ол технологиялар мен әдіс–тәсілдердің оқушылар үшін тиімді, оқушылар үшін пайдалы екенін ұмытпауы тиіс. Жоғарыда аталған жаңа технологияларды қолдану оқытуды цифрландыру болып табылады. Цифрлық трансформация дегеніміз – жаһанданудың жаңа кезеңін қалыптастырушы жүйе. Оның мақсаты – барлық қызметтің цифрландыруға көшуінде. Бұл болашақтың талабы, өйткені кез келген саланы трансформациялау арқылы уақыт үндемлігі мен даму тетігін тезірек игеруге итермелейді [4, б. 4]. Сондықтан жаңа технологияны білім алушылар үшін тиімді қолдану, оны дамыту үшін жұмыс істеу, ең алдымен мұғалім үздіксіз ізденуі керек, материалдарды жан–жақты толығымен зерттеп, шығармашылық пен психологиялық көзқарасы болуы тиіс. Яғни, жаңа педагогикалық технологияны жан–жақты меңгерген, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс–тәсілдерін игерген, психологиялық диагностика жасай алатын зерттеуші, креативті мұғалім ғана заман ағымына ілесе алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бекболғанова А.Қ. Жаңа педагогикалық технологиялар. Талдықорған: Оқу құралы, 2013
2. Современные педагогические технологии: учебное пособие. Мезенцева; под. ред. Е.В. Кузнецовой. – Новосибирск: ООО «Немо Пресс», 2018. 140 с.
3. Крицкая И.П. Некоторые синтаксические особенности материала для аудирования /иностранные языки в школе №4. 2005. 12–14 с.
4. XXI ғасыр дағдылары: білім берудегі жаңа тенденциялар: Білім беру қызметкерлерінің обл. ғыл.–практ. конф. материалдары: I–б. Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2022 488 б.

УДК 33.330.12

ИНФОРМАЦИОННО–КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ

*Кабулов Аброр Ахрорович
кандидат экономических наук, доцент
Ташкентский филиал РЭУ им. Г.В.Плеханов
г. Ташкент, Узбекистан
E–mail: kabulov51@mail.ru*

Аннотация

Актуальность и цель: Сегодня особое внимание уделяется качественному образованию. А использование цифровых и современных информационно–коммуникационных технологий, несомненно являются необходимым условием в получении высшего качественного образования. В данной работе делается попытка охарактеризовать инновационное направление использования информационно–коммуникационных технологий в образовательном процессе вузов.

Ключевые слова: цифровизация, инновация, качество образования, информационно–коммуникационные технологии, национальная экономика и цифровая экономика.

Аңдатпа

Өзектілігі мен мақсаты: Бүгінгі таңда сапалы білім беруге ерекше көңіл бөлінуде. Ал цифрлық және заманауи ақпараттық–коммуникациялық технологияларды пайдалану жоғары сапалы білім алудың қажетті